

І ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
РОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

февраль Сәрсенбі

Шығуына 33 жыл
және саны 20 тыйын.

Программамыздың нақты екендігіне
кәдімгі адамдар, біз бен сіздер, біздің еңбек-
ке ұмтылған талабымыз, жұмысты жаңаша
істеуге әзірлігіміз, жоспарды орындауға бел-
байлағанымыз кепіл.

И. СТАЛИН.

артия лығы

кабинеттерінің жұмыс болуына аудандық тікелей кінәлі. Өйткені партия комитеттері партия насихатын орасан зор ролін жете Партия кабинетінің ұйымдастырмайынша идеялық дәрежесін жомайды.

идеялық-теориялық і жоғары көтеру міндеттерінің барлық жұмыс астыруды талап етеді. егері ең алдымен насихат үнемі жұмыс істеп, қ және методикалық ре беруге көмектесуге ен жұмыс істеудің, ерін ауыстырудың бас-семинар болып табыла-үнілгері мұқият әзірле-шардың кезінде өтуіне, бойынша теориялық тақырыптарда оқыла-ен жасалатын баянда-ны, идеялық дәрежесі жетісуіміз керек. Бұл

Мария Рожнева мен Лидия Кононенконың бастамасын қызу қолдайық!

Қаланың өнеркәсіп орындары жаңа табыстар үшін күресте

Купавна жұқа шұға фабрикасы стахановшылары, Сталиндік сыйлықтың лауреаттары Мария Рожнева мен Лидия Кононенконың бастамасы бойынша әрбір жұмыс орнында қосымша мүмкіншіліктерді ашу және оларды іске пайдалану арқылы 1952 жылға арналған өндірістік жоспарды барлық көрсеткіштер бойынша артығымен орындау жолында ұйым-

дастырылған социалистік жарыс бүкіл елімізде қызу қолдау тауып, барған сайын өрістей түсуде.

Петропавлдың өнеркәсіп орындары да мұндай патриоттық иігі бастамаға үн қосып отыр. Төменде қала кәсіпорындарының үстіміздегі жылдың жоспарын артығымен орындау жолындағы күресінің барысы туралы хабарлар жариялап отырмыз.

1. Комбинат

жұмысшыларының серті

1951 жылы Петропавлдың ет-консерві комбинаты 1950 жылғыдан 22,5 миллион сомның өнімін артық берді. Жылдық жоспар барлық көрсеткіштер бойынша артық орындалды.

Ал, бығи Купавна жұқа шұға фабрикасы стахановшыларының бастамасына сәйкес жылдық жоспарды қосымша мүмкіншіліктерді пайдалану арқылы мерзімінен бұрын артығымен орындау жолындағы жарыс онан сайын күшті қарқынмен өрістетілуде. Инженер-техник қызметкерлер жұмысшылармен бірлесе отырып, қосымша ішкі мүмкіншіліктердің ашылуы тағамлық майлар мен шұжық өнімдерін

еңбек өнімділігінің бірден жоғарылағанын байқау қиын емес.

Мәселен, қартерлерді фрезер станогімен өңдеу ісінде осы әдіс қолданылады. Январь айында бұл арқылы аталған операцияда еңбек өнімділігі 30 процент артты. Осы және басқа есеп-техникалық нормалар енгізілген жұмыстардың тиімділігін алдын-ала жобалағанда кәсіпорны жыл аяғына дейін 300 мың сом мемлекет қаржысын үнемдейтін болады. Сонымен қатар, бұл нормалар жұмысшылардың еңбекақысын арттырады.

Кәсіпорнында еңбек өнімділігін арттырудың басқа мүмкіншіліктері де іске қосылуда. Жас жұмысшыларға мамандықты жете меңгеру үшін тәжірибешілер тарапынан күнбе-күн көмек жасалуда. Бұл да жашай жоғары көрсеткіштерге жеті-

түсуде. Үстіміздегі жылдың алғашқы айында еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған 30 ұсыныс түсті.

Ағаш ұстасы Суворов жолдас айлық тапсырманың 7 сағат 30 минутта орындалуын қамтамасыз ететін құрал жасап шығарды. Бұл — жылына 15 мың сом мемлекет қаржысын үнемдеу деген сөз.

5. Жоғары вольтті жолдарда

Петропавлдың жылу-электр орталығы қала кәсіпорындарының басым көпшілігін электр қуатымен қамтамасыз етеді. Сондықтан да кәсіпорындарының жұмысы көп ретте энергетиктерге байланысты.

Жылу-электр орталығының инженерлері мен диспетчерлері, жөндеушілері мен мөн-

Егіске үлгілі әзірлену басты міндет

Мөл өнім үшін күресті басқару — агрономдардың тән ісі

БУЛАЕВО, (Өз тілшімізден). Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің ара агрономы Кириллов жолдаспен әңгімелеп отырмыз. Егістің барлық көлемінен мөл өнім алу үшін жергілікті тыңайтқыштарды дайындау, қысқы агротехникалық шаралардың комплексті жүргізілуі жөнінде агрономдардың колхоздарға көрсетілетін көмегі қандай, қандай нәтиже жұмыс істелді? — деп сұрағанымыз Кириллов жолдас көп қағаздарды ақтарып, көктем егісіне әзірлік жұмысының барысы жөніндегі мәліметті бізге айта бастады. Бірақ цифрлардың дұрыстығына сенбей, күдіктене сөйлесуді.

«Победа» колхозы (председателі И. И. нанбаев) қар тоқтатуға және жергілікті тыңайтқыштарды дайындауға кіріспей де жоқ. Төтуге жарайтын көң жеткілікті құс фермасында жыйналған құс саңырығы да бар. Алайда, бұл тыңайтқыштарды егіс алаңына төгілуін және дұрыс есепталуын ұйымдастырушы адам жоқ. Үш тоқтік агроном Толовер жолдас қыс-

китапханышын қосып жолдастардың өздері партия кабинетінде сирек болады. Мұнда насихатшылар мен өздігінен оқушылар үшін тиісті тақырыптар бойынша әдебиеттердің көрмесі ұйымдастырылған. Приешім ауданында көптеген саяси мектептер мен үйірмелердің сабағының идеялық дәрежесі төмен болуына партия кабинеті де кінәлі деуіміз керек.

Полудень аудандық партия кабинетінің жұмысы жөнінде де осыны айтуға болады. Мұнда насихатшылар мен өздігінен оқушылардың келіп, жұмысты істеуіне қажетті мүмкіншілік жасалмаған. Партия кабинетінің үйі аудандық партия комитеті қызметкерлерінің жұмысы орнына айналдырылған.

ССРО ғылым Академиясында

4 февраль күні ССРО ғылым Академиясында тіл институты шақырған мәжлісі ашылды, онда «Марксизм және тіл ғылымының мәселелері» деген сталиндік данышпандық еңбек негізінде тіл дамуының ішкі заңдары туралы мәселе талқыланды.

Мәжліс әлеуметтік ғылыми пікірдің зор назарын аударуда. Мәжліске 900-ге жуық ғалымдар—тіл мамандары, Москва университетінің, педагогикалық институттардың оқытушылары мен профессорлары, бірнеше жоғарғы оқу орындарының шет тілдер кафедраларының жетекшілері, сол сияқты, аспиранттар мен студенттер қатысуда.

Профессор В. И. Борковский мәжлісті аша келіп, тіл жөніндегі сталиндік ғылымның негізінде тіл ғылымының негізгі салаларын творчестволық жолмен талқылаудың мәнін атап көрсетті.

И. В. Сталиннің «Марксизм және тіл ғылымының мәселелері» деген данышпандық еңбегінде тіл дамуының ішкі заңдарын зерттеу тіл ғылымының басты міндеті болып танылады. Біржарым жылдың ішінде совет тіл мамандары жекелеген тілдер мен біріне-бірі жақын тілдердің топтарындағы осы заңдылықтың бейнелерін ашу жөнінде көптеген жұмыстар істеді.

«Марксистік тіл ғылымының жалпы жүйесінде тіл дамытудың ішкі заңдары

олардың іске жауапкершіліктерін күшейту қажет. Өздігінен оқушылар үшін партия тарихы, философия, саяси экономика, халықаралық жағдай мәселелері бойынша циклы лекциялардың үнемі жоспарлы түрде оқылуы қажет.

Қалалық, аудандық партия комитеттері партия кабинеттерінің жұмысына басшылықты мейлінше жақсартуға міндетті. Олар партия кабинеттерінің жұмысына күнбе-күн басшылық жасап, бағыт сілтеп отыруға тиіс.

Партия кабинеттерінің жұмысын жаңа талаптарға сай ұйымдастырып, партия насихатының идеялық дәрежесін жоғары көтере берейік!

ның түсініктері туралы» деген тақырыпта академик В. В. Виноградов баяндама жасады. Тіл дамуының ішкі заңдарын ашу және осы мәселе жөніндегі жекелеген зерттеулерді сын көзімен талдау негізінде В. В. Виноградов орыс тіліндегі сөз құрылысының даму тарихын шолып өтті. Совет тіл мамандарының алдында, деп көрсетті баяндамашы, ССРО халықтары мен шетел тіл дамуындағы ішкі заңдылықтарды нақтылы зерттеу міндетін шешу тұр. Бұл міндетті шешу озат совет тіл ғылымының маңызын бұрынғыдан да жоғары сатыға көтере түседі.

4 күнге созылатын мәжлістің программасында «Тіл дамуының ішкі заңдарының мәнін ашу жөнінде» деген тақырыпта филология ғылымының кандидаты В. А. Серебренниковтің, «Тіл дамуының ішкі заңдары және тіл жүйесі» деген тақырыпта филология ғылымының докторы В. Н. Ярцевойдың «Тіл дамуының ішкі заңдары жөніндегі мәселеге байланысты (неміс тілінің материалдары бойынша)» деген тақырыпта ССРО ғылым Академиясының мүше-корреспонденті П. Н. Жирмунскийдің, «Тіл дамуының ішкі заңдары және тілдердің байланыстылығы» деген тақырыпта филология ғылымының кандидаты Н. М. Гухманның баяндамалары тыңдалады.

(СОТА).

процесінде жасалып болған. Бірақ, осы тәртіп енгізілген операциялар бойынша



Паровоз депосының электр аспаптары жөніндегі слесарі М. Капленко жолдас жылдық жоспарды артығымен орындау жөніндегі социалистік жарысқа алғашқылардың бірі болып ұштасты. Кәзір сменасына нормасын 190 процент орындайды. СУРЕТТЕ: М. Капленко электр қуаты щитінің монтажын жасауда. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы қыз

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің үш күнге созылған облыстық кеңесі аяқталды. Бұл кеңес 1952 жылға арналған мал шаруашылығын өркендетудің жоспарын орындау шараларына және көктемгі егіске әзірлікке арналған. Кәзір облыста іріленген 222 колхоз бар. Колхоз басшылығына ауылшаруашылық орта және жоғары білімі бар адамдар тағайындалды. Еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруды оған әрі арттыруға, қоғамдық шаруашылықтың барлық салаларын тез өркендетуге қажетті жағдайлардың барлығы жасалған.

саяси үш айда цех шығындарын қысқарту, өнімнің сорттылығын арттыру, тағы басқа ұйымдастыру-техникалық шараларды жүргізу арқылы 200 мың сомға жуық мемлекет қаржысын үнемдеді. Өзіндік бағаны қысқарту міндеттемесі екі есе артық орындалды.

Бұл табыс — жұмысшылардың экономикалық білімін көтерудің нәтижесі.

4. Рационализаторлық іс

Рационализаторлық және өнертабыс ісімен шұғылданушылар Киров атындағы заводта еңбек өнімділігінің еселеп арттырылуына нақтылы үлес қосып келеді. Кәсіпорнының басшылары рационализаторларды тәрбиелейді, өсіреді. Өнертабыс пен шұғылданушылардың конференциялары, айлықтары өткізіледі. Таңдаулы рационализаторлардың жетістіктері насихатталады.

Өткен жылы заводтың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерінен 150-ден аса рационализаторлық ұсыныс түсті. Ал, Стяжкин жолдас басқарған рационализаторлар тобынан түскен ұсыныстарды пайдаланудың өзі кәсіпорнын 230 мың сомнан аса үнем жасауға мүмкіншілік берді.

Кәзір Сталиндік сыйлықтың лауреатары Мария Рожнева мен Лидия Кононевонаның бастамасына лайықты жауап беру күресінде жұмысшылардың творчестволық жігері оған сайын арттырыла

ты жа

Етік дағы коллектымен қандар айына СУР жолдас С

ва ғы дану т уашыла гарына Кеңе жоспа көктем ган ш Кең Орталы жолдас Кеңе үстінде тау ха

ЫСЫ

Аудан комсомол ұйымында

Октябрь ауданының комсомол ұйымы жоғарғы партия және комсомол орындарының нұсқауын басшылыққа ала отырып, комсомолдар мен жастар арасындағы идеологиялық жұмысты біраз жақсартты. Идеологиялық жұмыстың негізгі өзегі — жастарға маркстік-лениндік тәрбие беру ісі едәуір дәрежеде жолға қойылды. Өткен жылға қарағанда, быыл комсомолдың саяси оқу жүйесіндегі үйірмелер мен саяси мектептердің, онда оқытатын тыңдаушылардың саны анағұрлым артты. Сондай-ақ, онзаған комсомолдар партия оқуының жүйесіне қамтылды. Насихатшылар кадрларын іріктеп алу, олардың теориялық және методикалық білімдерін үнемі көтерін отыру ісіне мұқият назар аударылатын болды.

Осының нәтижесінде бірсыпыра жерлерде, атап айтқанда, Торанғұл МТС, «Нутъ Ильича» колхозы, Октябрь колхозы комсомол ұйымдарының жанындағы саяси мектептер мен үйірмелердің сабағы белгіленген күндері тыңдаушылардың толық қатысуымен, идеялық жоғары дәрежеде өтіп келеді. Аталған саяси мектептер мен үйірмелердің насихатшылары Камышевская, Мусин, Орешин жолдастар күндері әзірленіп келіп, сабақты қызықты өткізеді. Олар әрбір сабақтың материалдары үшін жергілікті фактілерді кеінен пайдаланып, оны кәзіргі жағдайлармен тығыз байланыстырып отырады.

Комсомол ұйымдары лекциялық насихатқа көп көңіл бөлетін болды. Соңғы кезде бірсыпыра колхоздарда коммунизмнің алып құрылыстары, Сталиндік Конституция, советтік патриотизм және басқа тақырыптарда лекциялар оқылды.

Сонымен бірге, комсомолдар мен жастар мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстарын жақсарту ісіне атсалысуда.



Ғабит Мүсереповтың «Аманкелді» пьесасы Академиялық Еңбек Қызыл Ту (ордені) драма театрының сахнасында қойылып жатыр. СҮРЕТТЕ: үшінші перденің 6-картинасының көрінісі. Аманкелді штабында. (Оңнан солға қарай) Пластунов ролінде — Казак ССР-ның еңбек сіңірген артисі Ж. Өгізбаев, Аманкелді — Казак ССР-ның халық артисі К. Бадыров және Петр Легинов артист — К. Саурыков. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Облыс шаңғышыларының жеңісі

«Еңбек резервтері» спорт қоғамы шаңғышыларының үш күнге созылған республикалық жарысы аяқталды. Жарыстың қорытындысында командалық есеп бойынша солтүстікқазақстандықтар — бірінші орынға, Семей облысының шаңғышылары — екінші орынға, шығысқазақстандықтар — үшінші орынға ие болды.

Жарысқа республиканың шаңғы спортымен шұғылданушылары күшті 86 шаңғышысы қатысты. Олардың ішінде Алматының, Қарағандының және Ақмоланың спортшылары бар.

Ерлердің ішінен 30 километрлік қашықтықтағы жарыста Семейдің № 7 колхоз өнер училищесінің мұғалімі Александр Стрелков, 10 километрлік қашықтықта

лардан Қарағандының № 12 тау-өнеркәсіп мектебінің оқушысы Н. Богорубова өте жақсы көрсеткіштерге ие болды.

Шаңғышылардың республикалық жарысында жеңіске ие болған Солтүстік Қазақстан облысының командасына «Еңбек резервтері» спорт қоғамы республикалық Советінің бірінші дәрежелі дипломы және көшпелі бәйгесі, бірінші орынға ие болған жеке шаңғышылар үшін бірінші дәрежелі дипломдар мен бағалы сыйлықтар берілді.

Жарыста көрнекті нәтижелерге ие болған шаңғышылардан республикалық команда құрылды. Ол команда «Еңбек резервтері» спорт қоғамының бүкілодақтық жарысына қатысады.

Маршал Чойбалсаннның денесі салынған қаралы поезд Сухэ-Батор қаласына келді

СУХЭ-БАТОР, 4 февраль. (СОТА). Бүгін таңертен маршал Чойбалсаннның денесі салынған қаралы поезд совет монгол шекарасына келіп, онан әрі жүріп кетті. Шекарада поезды қабылдау үшін Монгол армиясының құрметті әскери карауылы қойылды.

Таңертен сағат 10-нан 20 минут кеткенде қаралы поезд Монголияның бірінші темір жол станциясы — Сухэ-Батор қаласына келді. Монгол халқының сүйікті әрсімі маршал Чойбалсаннның денесі салынған қаралы поезды қарсы алу үшін ел еңбекшілерінің астанадан көптеген делегациясы, сонымен қатар, премьер-министрдің орынбасары Сурунжаб, Монгол Халық-Революциялық Партиясының Орталық Комитетінің Секретары Сосорбарна және министрлер келді. Вокзал перонына қаланың мыңдаған еңбекшілері, гөңіректегі аудандардың мал өсірушілері жыйналып, құрметті карауыл қойылды. Қаралы аза тартылып, поезд перонға келіп тоқтады. Вокзал үйінің үстіне Монгол Халық Республикасы мен ССР Одағының Мемлекеттік тулары тігіліп, вокзал үйінің жоғарғы маңдайына Чойбалсаннның қарамен көмкерілген үлкен портреті орнатылды.

Вокзалда қаралы жығын болып, онда советтік үкмет делегациясының мүшесі П. И. Леонов сөз сөйледі. Жыйыннан кейін Селенгинскі аймағының еңбекшілері атынан табыттың басына гүлдер қойылды. Поезд астанаға қарай жүріп кетті.

Кореядағы оқыйғалар ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС

КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ
ПХЕНЬЯН, 4 февраль. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі бүгін

рдан арылудың нақтылы жолдарын атқала.

Кәзіргі уақытта мал базаларында мінде бір айға жетерліктей жемшөп қол болуына қарамастан, күн сайын

тете түсуде. Осылай Қазақстан большевиктері V съезінің қарары жүзеге асырылуға.

С. НУРҒАЛИЕВ.

арасындағы идеологиялық жұмыстардың дәрежесін жоғары көтеру.

П. ТЕЛЮК.

аудандық комсомол комитетінің секретары.

риялануына байланысты жүргізілген тексерістің барысында отын қоймасының бастығы Скакуновтың және Белоусовтың мемлекет мүлкін талап-тарапқа салғандығы анықталды. Олар ССРО Жоғарғы Со-

уапқа тартылды. Жауаптық ісі сотқа берілді.

А. ҚАЛА

Сын және библиография

Жаңа өмір жыршысы

Қарт ақын Қайып Айнабековтың жаңа жинағында баспадан шыққан шағын ғана еңдер жыйнағын қолыңызға алғанда, дін көз алдыңызда жетпіс жастың бөлігі ақтан басқан қарт адам елестейді.

Қарт ақынның бірінші бетін ашып, қарай оқып бастағанда ақ сіз ол үшін қарт екенін ұмытып та кетесіз. Әді ойыңызға дер шағындағы, қайрат н санаға толы, ақыл мен ойға терең, қарт өмірдің өзіндей жас өнді, қанат сезімі бар шабытты ақын, арлы азат келіп орнайды.

Ақынның өзі қарт болса да, жаны ақ, ақыл-ойы жас, оның өлеңдері де бір жас жаннан, ақыл-ойдан нәр ып толқый туған. Оның себебі Қайып ты ақын.

Ақын «Жан тәтті де ар қымбат», — ген қысқа өлеңінде:

Ойымен жыйнастыр да бар қымбатты, ішінен ең ардақты ал қымбатты.

Қан үшін мал садаға, ар үшін — жап. Азаматқа бәрінен ар қымбатты — дейді. Арлылық дәрежесін осылай өзінің биік де түсінген ақын, ақындықтың өзіне сол бір биіктен, арлы адамгершілік гінеп қарап, ақын ролінің жоғары екенін, оның социалистік құрылыстың белді күрескері екенін айтады. Арлы ақынның міндеті — жаңа өмірді жырлай үінде деп өзіндік дүрыс эстетикалық қарасын танытады.

Томалап өрге тасы тұрған шақта, Ақыл ба асқақ сөйлеп желпінбеген — деп кең серпінмен түйіп тастайды.

Осы талапты Қайып өз шығармаларында қыдыру орындап шыққан. Жаңа заман қанаттандырған ақын бұл жыйнақта еліміздің өміріндегі соңғы 10—11 лдың ең басты мәселелеріне түгел үн

қосып отырған десек, асыра айтқан болмаймыз.

Жыйнақта ерлік, езгілік те, елге, кеменгер адамға деген, орыс халқына деген ыстық махаббат та, достық та бар. Кешегі Ұлы Отан соғысы кезіндегі халықтың қаһарлы ашуы да, жауынгердің қуанышы, күйініші де осында. Жастық шақты, еңбекті көтере шебер мақтау да бар мұнда. Уытты сатира, қарттың өзінен жеңіл толқынды әзіл де бар.

Қарт ақын өзінің «Лаванда» деген қысқа ғана өлеңінде жер астының тамаша картинасын, ондағы алып механизмнің күрделі қозғалысын шындықпен шебер суреттеп келеді де, шахтер — навалоотбойщик қыймылын мына сөздермен береді:

Жүректің ықпалымен білегі ойнап, Білектің күшіменен күрегі ойнап, Кемірден сел жүргізіп, сөң ағызған Шахтердің жүрегінің тасқыны айдап.

Ақын көмір селін туғызған жүрек дейді. Отан деп, ел деп сөккен ыстық, намысты жүрек. Ал, осы жүректі қозғаушы сұш қайда? Жаңа өмір жүрегінің қайнар өзі қайда? Бұл сұраққа қарт ақынның сөз келген өлеңінен қанағаттанарлық жауап алуға болады. Сөзді ақынға береік.

Жанымға қуат еніп Ленин десем, Нығайып, көтеріле өсе түсем,

Бастырған ісімді алға барған сайың Тынысым дем берушім ұлы көсем.

Міне бұл идея жыйнақтың лейтмотиві. Хөсемдеріміз Ленин мен Сталин, коммунист партиясы, ұлт достығы, социалистік еңбек Қайып өлеңдерінің мықты арқауы болып отырады.

Жаңа заманның бар жаңалық табыста-

рын, қоғам өмірін газет-журналдардан күнбе-күн оқып біліп, заман көшімен ілесіп, ілгері кетіп бара жатқан қарт ақын өмір құбылысының тереңіне бойлай береді. Сол өмірдің нәрлі көзін, азықтандырар көзін іздеп табады.

Жұлдызымды ай еткен, Айымды айқын күн еткен Түрлендіріп түлеткен Ерімді асқан ер еткен. Дұшпанды қара жер еткен Елімді қатар ел еткен — Ұлы орыстың елдігі.

Бұл үзінді емес. «Ұлы орыстың елдігі» деген тұтас бір өлең. Бас аяғы жеті-ақ жол. Осы жеті жол өлеңде жетпіс жолға сыймайтын терең мазмун жатыр.

Жыйнаққа кірген өлеңдердің қайсысында болмасын тұжырымды түйін, зияық ой бар. Ақын шапырамайды. Ол кейде бір шумақ өлеңмен де өз ойын жеткізіп бере алады. Мысалға, «Анық білем» деген бір шумақ өлеңді алайық. Аспанда ай жоғалмайды, күн сөнбейді. Осыны мен айтпай-ақ кім білмейді. Аспаннан ай жоғалып күн сөнбесе, Ленин мен Сталин тіпті өлмейді.

Өлеңді тартымды, жанды етіп тұрған бір жағдай — ақынның осы ұрымтал жерге әдебиетімізде бар шеңдетіру әдісін орылды қолданғанында болып отыр. Тегі Қайып аз сөзбен көп мағнаны аңғартқысы келгенде бұл әдісті көбірек қолданып сөзілді. Кейбір халық ақындарымызға көп сөзділік, ой бытыраңқылығы, бірді-айтып бірге кетушілік сыяқты, сөз жок, шығарма құнын солғындататын әдеттің барын байқауға болады. Бұл ретте Қайып өлеңдері үлгі дерлік.

Қайып өмірдің бір елеусіз көрінісін алады да, содан үлкен түйін шығарады, оқушысына ой салады, сұрақ қояды. Ақын шебер үгітші. Большевиктік идеяның насихатшысы. Ол ең алдымен — социалистік еңбектің ұйытқысы — совет адамы екенін шебер суреттейді.

Мен нанбаймын дегенге малды сүйем, Мен өзім малды баққан шалды сүйем — дейді ол.

Оның еңбекке деген көз қарасы тереңдей береді. Бұл қоғамда еңбексіздіктен артық сәлекеттік жок деп ақын даусы бұл жерде өктем шығады. «Жұмыссыз жастың жүргені сөкет, иттен басқанын үргені сөкет» — деп терең мәтелдей кетеді.

Бірақ, ақын үгіті жалаң емес. Ол үгітті аяғы қатарға қоймайды. Үгіт ол жазған тақырыптың логикасынан өзінен-өзі туып жатады.

Қарт ақынның ерлікті мадақтауында да өзіндік ерекшелігі байқалады. Жыйнақта Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгерлері Нұркен Әбдіровке, Төлеген Тоқтаровқа және Мартбек пен Мәлікке арнаған өлеңдері бар. Ақын ерліктің қайнар көзін ата-баба салтынан іздемейді. Оларды тәрбиелеген Ленин — Сталин партиясы екенін айқын көрсетеді. «Баулыған батырлары кемелдердің» — дейді ақын. Бұл оның заман рухын, өмір арнасын кен түсініген толғауды, сауатты ақын екенін танытады.

Қарт қоғам өмірінің күш-құбылыстарын бірдей таныды. Шабытпен көтере жібрлап кетеді. Мұндайда ол шебер генеулерді, көркем сөз тізбектерін тауып қолданады. «Москва» деген өлеңінде:

Дүние лық толғандай Москва десем, Есігі әр білімнің әрбір көшен.

Қысын жаз, түнін күн етіп қойған Ленин мен Сталиндей ұлы көсем — деп санды бақытты өмірдің ұйытқысы Ленин, Сталин екенін айтады. Қарт ақын өзіне тән шеберлікпен кейде күрделі бір өмір құбылысын әдемі бір балаумен береді. Осы өлеңде «Есігі әр білімнің әрбір көшен» — деген социалдықты шебер бір жол бар. Ақын осы бір сөзбен Москваның білім ордасы екенін толық дәлелдейді. Ал, неміс фашистерінің бейбіт елге аюандықпен төтеннен шабуыл жасағанын суреттегенде көп сөзділікке, күр шешендікке бой ұрып жатпайды. Айтайын деген ойын үш-ақ шумақ өлеңмен жеткізе береді.

Ысқырып жалаңдаған бір сұр жылан Қалаулы қанжарға кеп өзі оралған. Осы бір балаудың көркемдік шеберлі-

гін былай қойғанда логика ежелгі атап айтқанымыз тәуел қанша зәрлі, қанша қадаулы қанжарға не Осындай терең логикалырып алған ақын ар жағы

Соқтыққан содағы зор Болғанның көзім көрді деп, тіпті, асқақтап кетсе Ақын, «Қөктем айы» де Күн қызып моңшақтаты Булдырап сағым құшты Жаздың күні жастық ц Көп қызық көз алдымд жаздың тамаша жанды к сайды. Бұл оның өз и көркемдігіне аса маңыз б лейді.

Жыйнақтағы көңіл ау жай — «Менің мәтелдерім» маңды, өмірді кең толғай тамаша мәтелдері бар. Олық жаттап аларлық ақ мұнда ерлік, еңбек, жиі терендік туралы ой салар, ларлық жайттерді қозғай

Талаптың үлкені жыйна рына (Б. Нығманов) кой гөрт бөлімге бөлінген. Мұ қаншалықты принцип бар алмады. Бір есепті ред тақырып жағын еске алға Рас, Ұлы Отан соғысы, туралы бөлімдер тақырып данған деуге болар еді. бөлімде мұндай даралық. Сол себепті мұндай бөлім жағынан жыйнақты кедей

Жыйнақтың соңғы беті, шыдамаса мылжынның і реу мылжын дерме деп деген әзіл сөзімен аяқтала дамаса мылжынның іші п Бірақ, халық ақыны Қай адамдарды бұл тобына ж екенін батыл айта аламыз өмірдің сараң сөзді, толға екенін осы бір қиықпен жт адамдардың бәрі де көре

С. ШАҒ

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1.86, редакторді партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2.36, өнеркәсіп- транспорт және тілшілер бөлімдері — 1.33.2, корректорлар бюросы — 4.39. Газет баспасы — 0.22, газет табыс етілмесе —